Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

10 қазан сейсенбі
№80 (1987)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

МЕН САҒАН ҒАШЫҚПЫН, ҚЫЗЫЛОРДА!

– Көкірегімнің үміті мен тілегі,
Күй боп түлеп, күн боп шығып күледі.
Күн астында көк төбелер түледі,
Менің елім, менің елім – гүл елі!

Жұмекен НӘЖІМЕДЕНОВ

Қазақтың заңғар ұлы, алып ақыны, ұлттың болмыс-бітімін бойына түгел жиған халқымыздың қыран баласы, мемлекеттік әнұранымыздың авторының бірі Жұмекен Нәжімеденовтей тұлғаның қаламынан туған жыр жолдарын мақаланың беташары ретінде алып отырмыз. Өйткені Жұмекендей ақынның туған ел хақындағы осы бір өлеңі оқыған жаңға ой салары анық. Ал бұл туындыны ақындардың елі, батырлардың жері, руханият атаулының қайнар бұлағы, Алаштың анасы атанған Сырдың қасиетті топырағынан нәр алған, жігерін жасытпаған, намысын таптатпаған, туған жерге ту болып тігілген осы өлкенің арлы, ойлы, саналы азаматтары оқыса рухтанып сала берері сөзсіз. Себебі туған жерге кіндігі байланған әр азамат өскен ортасының, елінің болашағы кемел болғанын жан-тәнімен қалайды. Ондай адам – Отанына шын берілген патриот. Отанына шын берілген адам туған жерді түлету әр азаматтың борышы һәм ортақ міндеті екенін жақсы түсінеді.

Бүгін өзім жақсы көретін Қызылорда қаласы жайлы көсіле жазғанды жөн көрдім. Өйткені ол – облысымыздың бас қаласы ғана емес, сондай-ақ Сыр елінің жүрегі.

2 БЕТТЕ

Ә.ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

Туған өлкеміз тарихтың да, мәдениеттің де, өнердің де бастауында тұр. Арғы-бергі тарихқа тым тереңдемей-ақ Қызылорда астана болған шақтағы ұрпақ қамы үшін жасалған еңбектің өзін айтып тауысу мүмкін емес.

БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӘЛІПБИІ ДЕ ҚЫЗЫЛОРДАДА БАСЫЛҒАН

Архив деректеріне үңілсек, 1925-1929 жылдары көптеген қаламгерлердің кітабы Қызылордада басылған екен. Кітап туралы сөз қозғалғанда ойымызға ең бірінші кітапхана түсетіні жасырын емес. Қызылорда астана болған уақытта Сыр өңірінен қандай кітаптар шыққанын білу үшін облыстық кітапханаға барып, бірнеше туындыны оқыдық. Байыптап қарасақ, Ахмет Байтұрсыновтың «Әліп Би» (Жаңа құрал) атты еңбегі 1926 жылы Қызылордада басылыпты. Бұл кітап осы күнге дейінгі жарық көрген басқа да әліппелердің бастауы екенін ұмытпау қажет.

Бұдан бөлек Сәкен Сейфуллиннің «Тұрмыс толқынында», «Жер қазғандар», «Экспресс» атты туындылары, Ілияс Жансүгіровтің «Сықақ», «Шәркей», «Сағанақ», «Жаңқа» атты кітаптары да Қызылорда астана болған кезде осы қаладан шыққан. Бүгінгі психологтар негіз ететін Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» атты еңбегі де, Тұрар Рысқұловтың «Қазақстан» атты туындысы да Қызылордадан шыққан. 1929 жылға дейін жарық көрген кітаптардың кейбірі төте жазумен басылған. Бұл еңбектер бүгінде Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхананың «Сирек қорлар» бөлімінде тұр. Бұл жерде Ораз Исаев пен Смағұл Сәдуақасовтың да дүниелері бар екенін айта кеткен жөн.

Қызылорда елдің бас қаласы болған кезде Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты кітабы жарыққа шыққан. Бұл кітап басылған соң көп өтпей «сотталып» түгел дерлік жиналған екен. Қызылжағалылар барлық кітапты жинағанына сенімді болғанда өртеп жіберген. Тек бір данасы Ғабит Мүсіреповте сақталыпты. Бүгінде оқып жүрген Әуезовтің «Әдебиет тарихы» бізге Ғабит Мүсіреповтің арқасында жеткен.

Индустриялық аймақ – кәсіпке «жеруйық»

Экономиканың күретамыры – өндіріс. Ел әлеуетінің көрсеткіші, жұмыспен қамтудың баламасы да осы салаға тікелей тәуелді. Сондықтан болар, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары өңірлер арнайы экономикалық аймаққа бөлініп, Қызылорда облысы да ерекше қолдауға кенелді. Шатқаяқтап тұрған шаруашылықтар қалыпқа келіп, Үкімет нарық заңына икемделе алмаған өнеркәсіптерді қолтықтан демеді. Міне, араға қаншама жыл салып, Сыр жұртшылығы сол қарқынды істің жемісін көруде.

Әйтсе де әлі қолдауды тоқтататын кезең емес. Әлемдік ахуал мен экономикалық жағдай халықтың оңтайлы өмір сүруіне толық мүмкіндік бермей келеді. Кіріс көзін кеңейту, жұмыссыздық деңгейін түсіру үшін атқарар жұмыс жетерлік. Мұның жалғыз шешімі тағы да өндірісті дамыту, жүйелі қолдау екені айтпаса да анық. Осы орайда шаһар басшылығының 3 жыл бұрын қолға алған тиімді қадамы – индустриялық аймақ құру идеясы туралы ой тарқату орынды секілді. Аталған жоба өңір экономикасына пайда әкеліп қоймай, әлеуметтік мәселелердің шешілуіне түрткі болмақ.

Нақтырақ айтқанда, 2020 жылы Қызылорда қаласы әкімдігі «Титов» тұрғын ауданынан индустриялық аймаққа жер учаскесін белгіледі. Көлемі де қомақты. 366 гектарды құрайды. Мұндай ауқымды аумаққа бірнеше кәсіпорынды жинақтап, арнайы экономикалық парк құру көзделген еді. Осы мақсатта аталған индустриялық аймаққа 5.7 млрд теңгеге қажетті инженерлік инфрақұрылым жүйелері жеткізілді. Автокөлік жолы, газ, электр желісі, тіпті темір жол тұйығына дейін дайындалып, бар мүмкіндік қарастырылған. Тек кәсіпке құлшынған азаматтар дайын болып, кәсіпорынды салуға бел буса болғаны.

Әрине, мұндай қолдаудан кім қашсын?! Орта және ірі кәсіпорын егелері түрлі ұсыныс білдіріп, индустриялық аймаққа табан тіреуге асықты. Нәтижесінде, әкімдік 83,2 гектарды құрайтын 7 жер учаскесін инвесторларға табыстаған болатын. Бүгінде индустриялық аймақта 42.4 млрд теңгені құрайтын 2 жоба іске қосылған.

2 БЕТТЕ

ЖАЗҒЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ:

СЫР САҢЛАҚТАРЫНЫҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ

Спортсүйер қауымның 15 күн бойы тақымын қысып, байрақты бәсекеге жанкүйер болған XIX жазғы Азия ойындары өз мәресіне жетті.

Қытай елінің Ханчжоу қаласында өткен Азия ойындарына елімізден 524 спортшы қатысып, спорттың 30 түрінен бақ сынады. Ел намысы сынға түскен бәсекеден Сыр спортшылары да шет қалмады. Аймақтан шыққан 23 спортшы бокс, дзюдо, грек-рим күресі, ауыр атлетика, каратэ, таеквондо, стенд ату, шахмат, маутинбайк, велотрек, е-спорт, гандбол, көгалдағы хоккейден сынға түсті.

4 БЕТТЕ

СҰХБАТ

Ұлжан БАЙБОСЫНОВА, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ДӘНІН ЕГІП КЕТСЕМ ДЕП ТҰРАМЫН

Бүгінгі сырлы сұхбатымыздың кейіпкері – жыршы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық өнер университетінің доценті, Қорқыт ата атындағы ғылыми-зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері Ұлжан Мәлікайдарқызы Байбосынова.

– Бүгінде елге танымал өнер иесісіз, әрі ұстазсыз. Осы танымалдыққа қол жеткізу жолында қаншама еңбектеніп, балалықтан даналыққа қадам бастыңыз. Өнер жолы қиын жол екенін білеміз. Өзіңіздің балалық шағыңыздан бастап өсу, өрлеу жылдарына шолу жасасаңыз...

– Өнер дариды. Туғаннан ата-анаға ғана баланың тұла бойы қасиеті белгілі болады. Сол қасиетті тани білген ата-ана да, бала да бақытты деп білемін. Туғаннан бойымда бар өнерді таныған ата-анам осы өнер жолына қарай баули берді. Сыр бойы – жырауға тұнып қалған киелі жер. Оттың басында қандай да кісі басы қосылған жиын жыраусыз болмайтын. Нағашым жырау Әбдірасыл Жұбатқанов біздің шаңыраққа жиі келіп, жыр жырлайтын. Ол кісі таңды таңға асыратын даңғайыр жырау еді. «Әбу Шаһима», «Жарлы тәліп», «Сәдуақас сахи», «Ұры Қарға» және көптеген Сыр бойы ақын-шайырларының терме-толғауларын жырлағанда тыңдаушы таң асырып, тыңдаудан жалықпайтын. Мен ес біле бастағаннан жырау тыңдап дағдыландым. Жыраулық өнер саналы өмірге қадам бастырып, өзі тәрбиелей берді. Үш жасымда бойымдағы өнерді таныған ата-анам, көпшіліктің ортасында ұстады, жырау келсе алдына отырғызды. Алты жасымда мектепке емес, музыка мектебіне анам жетектеп апарып, қолыма домбыра ұстатты. 8 жасымда алғаш рет «Мақтұмқұлдың термесін» орындап мектеп сахнасына шықтым. Сахнаға шыққанымма биыл 42 жыл болады екен.

3 БЕТТЕ

МЕН САҒАН ҒАШЫҚПЫН, ҚЫЗЫЛОРДА!

Алашқа ана атанған Сыр өңірінің бас шаһары бүгінде адам танымастай өзгерген. Көркейген, сымбатына сымбат қосқан, ажары айшықтала түскен. Қала көшелері кеңейген, жолдары тақтайдай тегіс. Жалтырап жатқан асфальт жолдар күн сәулесімен жалт-жұлт етеді. Оның қос қапталы жарықтандырылған, абаттандырылған. Сонымен қатар қала көшелеріндегі жолдың шетіне қиыршық таспен әдіптеп неше түрлі оюлар жасалған. Мұның барлығы көрген көздің жауын алары сөзсіз. Сырттан келген қонақтарды қызықтырып, таңдай қақтырары анық. Әсіресе Бейбарыс сұлтан көшесінің қос қапталы екі бөлек арбат іспетті. Осы орайда сүйікті қаламызға келген қонақтарды сөзге тартқан едік.

– Өзім Сыр елінің тумасымын. Қазір Астана қаласында тұрамын. Бұрын Қызылорданы жұрттың барлығы ағашы жоқ, талы жоқ қала дейтін еді. Қазір мүлде бөлек қалаға айналыпты. Зәулім үйлер бой көтеріпті. Жасыл желекке оранған. Егілген көшеттер кәдімгідей саялы ағашқа айналған. Оған Президент саябағында көз жеткіздім. Қызылорданың бүгінгі келбетін көріп сүйсініп жүрмін, – деді Досхан Сынабаев есімді азамат.

Шынында, қаланың жасы үлкен тұрғындарын әңгімеге тарта қалсаңыз қазіргі сұлу да сымбатты Қызылорданы айтып шыға келеді. Көбі «Бұрын қалада пакеттер ұшып, жел болса аспанға шаңмен бірге көтерілетін еді. Тіпті кейде олардан аяқ алып жүру мүмкін емес болатын» деп еске алып жатады. Бүгінгі жағдай мүлде бөлек. Қазір Қызылордада аспанға ұшқан пакет түгілі жерде жатқан қағазды да көрмейсіз. Бұл жерде халықтың мәдениеті өскенін айқын көруге болады. Сондай-ақ тазалықпен айналысатын мекеме қызметкерлерінің де орасан еңбегі бар екенін айта кеткен жөн.

– Бүгінде Қызылорда таза қалаға айналды. Оның тазалығы үшін әрбіріміз үлес қосатындай дәрежеге жеттік. Осының барлығы Сыр жұртшылығының мәдениетін, ұқыптылығын көрсетеді. Осыдан 10-15 жыл бұрын желмен жарыса ұшқан қоқыстан көз ала алмайтын едік. Есіме басымнан өткен мына бір оқиға түсіп тұрғаны. Осындай күздің кезі болатын. Кенет жел тұрып, құйынша көтерілген шаң келді де қоқысты ұшырып әкетті. Әп-сәтте аспанға көтерілген жел ұшырған пакеттің бірі менің басыма киіле жаздады. Бойым ұзын болған соң ба, әйтеуір, қашқалақтап жүріп, зорға құтылдым. Құдайға шүкір, қазір ондай жағдайдан аулақпыз, – деді ағынан жарылған Азамат есімді такси жүргізушісі.

Облыс орталығында Жалантөс баһадүр, Қобыланды, Жанқожа, Амангелді сынды батырларға, Мұстафа Шоқайдай Алаш арысына, Ыбырай Жақаевтай даңқты диқанға, Мұхтар Әуезов, Әбділдә Тәжібаев, Сырбай Мәуленовтей басқа да ақын-жазушыларға арналған ескерткіштер бой көтерген.

Сыр еліндегі ғажайыптар мұнымен бітпейді. «Сыр ана» монументінің алаңы да көпшілік серуен құрар маңға айналған. Облыстағы кейбір шаралардың осында өтетінін айтпағанның өзінде арнайы салынған ойын алаңына балаларын ертіп келушілердің қарасы қалың. «Қаламгерлер аллеясы» мен «Жыраулар аллеясын» аралағанда мүлде бөлек әсер аласың. Әрбір мүсінге мән бере қараған адам өткен тарихқа үңіле алады. Бабалар жолымен жүріп, билер кеңескен ортаға келеді. Мұндағы аялдамалардың өзі тарихтан сыр шертіп тұрғандай әсер қалдырады. Оларда қазақтың небір батыр тұлғалары мен ақын-жазушылары, күйшілері мен жыршылары, жыраулары тұр. Олардың суреттері ілініп, қысқа ғұмырбаяндары берілген. Аялдамаларға келген әрбір адам қазақ халхының дара тұлғалы даналарының өмірімен таныса алады.

Дария жағасында орналасқан қалада бұдан да бөлек қаншама жұмыс бар. Салынып жатқан көпқабатты тұрғын үйлерді, білім, денсаулық, спорт нысандарын арнайы тақырып етпесе бұл жерге сыймасы анық. Бір ғана сол жағалаудың өзі талай сөзімізге дәлел бола алады. Мұндағы ерекше кейіппен салынған «Болашақ» университетінің ғимараты, Жастар ресурстық орталығы алыстан мен мұндалайды. Жуырда ғана «Анаға тағзым» орталығы мен «Неке сарайы» ел игілігіне беріліп, есігін айқара ашты. «Өнер орталығының» да құрылысы қарқынды. Жылу электр станциясының да іргетасы қаланғанын көпшілік жақсы біледі. Бұған ондаған балалар спорттық ойын алаңын қосыңыз. Жаңа әуежай терминалы да салынып жатыр. Одан бөлек Қызылорда қаласындағы үйлердің қасбеттері заманауй үлгіде жаңғыртылды. Осыған қарап-ақ мұндағы азаматтардың «ел үшін не істей аламын?» деп еңбек етіп жатқанын көруге болады.

Бұл – келбеті көркем сүйікті қаламыздың бүгінгі көрінісі. Мұның барлығын сөзбен айтып жеткізу қиын, тек көзбен көру керек. Бұл қала бізді ғашық еткендей, сізді де баурап алары сөзсіз.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ
Суреттерді түсірген **Н.НҰРЖАУБАЙ**

Басы 1-бетте

БАБАЛАР РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Сыр бойындағы есімі елге мәшһүр батырдың бірі – Жаназар Досқанаұлы. Батыр баба бұрынғы Ақмешіт уезінің Шиелі болысына қарасты Сұлутөбе атырабында 1818 жылы дүниеге келген. Биыл тарихи тұлғаның өмірге келгеніне 205 жыл толып отыр.

Өткен сенбіде Шашты ата мен Жаназар батыр рухына арнап, ұрпақтары ас берді. Айтулы шара Шашты ата мен Жаназар батырға арнайы салынған кесене-ескерткішінің жанында өтті. Қазіргі Сұлутөбе ауылдық округінің аумағында орналасқан кесене маңына сол күні жиылған жұрттың қарасы қалың. Алыстан мен мұндалап, өзіне шақыратын үлкен ақшаңқан үйлер тігіліп, бірнеше шатыр орнатылған.

Ақындар жыр арнап, жыршылар термелеткен шарада балуандар да белдесті. Құраннан дұға бағышталған соң мінберге көтерілгендер Жаназар батырдың тарихтағы орнына, болмыс-бітіміне, ұрпаққа үлгі болар қаһармандық жолына тоқталды. Жаназар Досқанаұлы XIX ғасырдың басында Сыр өңіріне билік-өктемдігін жүргізген қоқандықтар мен батыстағы Ресейдің отаршылдық саясаты және жаугершілікке тән ішкі барымташылардың озбырлық әрекеттері үдеп тұрған кезде өмір сүрген тұлға. Ол ерте есейіп, бүкіл саналы өмірін күн-түн демей күрес жолында өткізеді. Тарихи деректерде Кенесары ханның қолына қосылғаны туралы ақпарат бар.

Борис Қалназаровтың облыстық «Сыр бойы» газетіне шыққан «Жаназар батыр» атты мақаласында: «Сыр елін билеп-төстеуші қоқандықтар мен отарлаушы Ресейдің арасындағы қарама-қайшылықтарға байланысты Сыр елінің арасы да замана ағымына қарай әртүрлі толқуда еді. Мұндай кезең ел тұтастығын қорғаушы батырлардың көзқарасына да үлкен әсер еткені белгілі. Осы орайда Жаназар мен Бұқарбай батыр елдің қамы үшін бірлесіп, төс қағысқан дос болып, азаттық үшін күрескен жорықтары халық аузында жыр болып айтылады», – деп Жаназар батырдың Бұқарбай батырмен дос болғанын тілге тиек етеді.

Шашты ата мен Жаназар батыр рухына арналған шарада Шиелі ауданының әкімі Н.Ахатов, қаламгер А.Жағанова, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев және Қ.Қайруллаев, Т.Маханов, сынды ақсақалдар сөз сөйлеп, Жаназар батырдың тарихтағы орнына, ұрпаққа үлгі болатын қаһармандық ғұмырына тоқталды. Сонымен қатар батыр баба шөбересі Нәзипа апай жылы лебіз білдірсе, айтыскер ақын Ержан Әміров арнау айтып, жырдан шашу шашты.

Таңсәріде басталған шара түс ауа аяқталды. Спорттық жарыстың жеңімпаздары сахна төрінде марапатталды. Көпшілік Құранға қол жайып, бабалар рухына тағзым етті.

А.АҚЫЛБЕК

Индустриялық аймақ – кәсіпке «жеріңіз»

Іске қосылған екі жоба сәтті нәтиже көрсетуде. Мысалы, жеке кәсіпкер «Ақселеу» «Күйдірілген қыш шығару шағын зауыты» жобасын жүзеге асыруда. 200 млн теңгеге құрылысты толық бітіріп, 10 адамды жұмыспен, қамтып отыр. Ал «Orda Glass LTD» ЖШС болса «Қызылорда қаласында қуаттылығы жылына 197100 тонна табақша шыны шығару және өңдеу зауыты құрылысы» жобасын іске қосқан. Тіпті жыл өтпей, 2021 жылдың желтоқсан айында зауыт жұмысын бастап, қазіргі уақытта табысты мекеме қатарына енді. Халық қуанышы болар, іргелі кәсіпорын 226 адамды жұмыспен қамту арқылы жергілікті тұрғындардың әлеуметтік ахуалын жақсартуға септесуде.

– Бұрын жастар өзге өңірлерге жұмысқа баратын. Біздегі айлықты аз көре ме, әлде тұрақты табыс әкелетін кәсіптің орайы жоқ па, кім білсін. Әйтеуір, көршікөлем, ағайын арасында батыс, солтүстік өңірлерге жұмысқа сабылатындар басым еді. Қазір облыс көлемін айтпағанда, Қызылорда қаласынан кәсіпорын көп ашылып, халықтың жұмыс жайын шешуге көмегін тигізуде. Бір жағы – кәсіп арқылы қала өркендесе, екінші тұсы – халық тұрмысына көмек. Сондықтан арнайы индустриялық аймақ құрылғанына қуаныштымыз. Тек кәсіп жүйелі жүріп, әр тарапқа да пайдасы тисе болғаны, – дейді «Титов» ықшам ауданының тұрғыны Жарылғап Алданазаров.

Иә, бұл – үш жылдағы көрсеткіш. Алдағы меже бұдан да асқақ. Мәселен, жуырда қалған 5 жоба іске асады деп жоспарлаған. Ол кәсіпорын жұмысын бастаса, кіріс пен көмектің көлемі артпақ. Сол себепті тұрғындар үміт артқан 5 жобаны талдап көрелік.

Ең өзгеше әрі күрделі жоба «ТриМо» ЖШС-ға тиесілі. Серіктестік екіокись молибден ұнтағын үшокись молибден ұнтағына айналдыру өндірісін жүзеге асыруды жоспарлаған. Бүгінде мекемеге индустриалдық аймақтан 4 га жер телімі берілген. Дегенмен күрделі кәсіпорынды қолданысқа енгізу оңайға соқпай отыр. Жуырда өндіріске орналастырылған қондырғылардан ақау шығып, термотөзімділігі жоғары құрылғыға ауыстыруға тура келген. Себебі әкелінген қондырғы технологиялық процеске сәйкес келмей, жұмыс жүйесіне зақым келтіреді екен. Осындай маңызды қадамды тиімді жүргізу үшін Ресейден арнайы маман да алдыру көзделген. Демек, жақын арада жағымды жаңалыққа куә боларымыз сөзсіз.

«Шыны зауыты» қызылордалықтардың көптен күткен қуанышы екені анық. Енді, міне, «Қызылорда композиттік материалдар зауыты» ЖШС шыны талшықты және композитті материалдарды өндіру зауытын іске қосуға ниетті. Мекемеге мемлекеттік қолдау шарасы ретінде Өндіріс индустриялық аймағынан 15 га жер телімі берілген. Бүгінде инженерлік-инфрақұрылым жеткізу үшін жоба сметалық құжаттамалары әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтуге тапсырылған. Аталған жобаның құны 1,5 млрд теңге шамасында. 160 адамды жұмыспен қамтуға қаукарлы зауыт шаһар экономикасын жаңа деңгейге шығарары белгілі.

Осы мәндес кәсіпке «Dana Quartz» ЖШС да қызығушылық танытуда. Серіктестік айна шығару зауытын іске қосу үшін 5 га жер телімін алып, инженерлік инфрақұрылым жеткізу үшін ЖСҚ әзірлеуде. 4.5 млрд теңгені құрайтын жоба 34 адамға жұмыс беріп, өндірісті үздіксіз жүзеге асыруға мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ индустриялық аймақта түйе жүнін өңдеу және төсеніш көрпе өндіру цехы да орын алыпты. «Orda TEXC» ЖШС-ның жобасы үшін индустриялық аймақтан 2,2 га жер телімі беріліп, қазіргі таңда жерді рәсімдеу жұмысы аяқталған. Дегенмен қаржылық қиындыққа байланысты жобаға қосымша инвестор тарту мәселесі туындауда. Егер цех жұмысын бастаса, 18 адам жұмыспен қамтылатын болады.

Таңдаулылар қатарындағы «Poom Trade KZ» ЖШС да үміт күттіруде. Қазіргі таңда «КОМАЗ» шағын арматура зауытын салу» жобасы аясында 2 га жер телімін алған мекеме жерді қоршау жұмыстарын аяқтаған. Алдағы уақытта жүйелі қадам жасалса, 22 адамды тұрақты жұмыспен қамтуға уәде беруде.

Міне, ел күткен жобалардың қатары осыған саяды. Әрбірінің алға қойған мақсаты, өндіріс көлемі, жұмыспен қамтудағы үлесі деректерден-ақ білінері сөзсіз. Сондықтан арнайы индустриялық аймақтың әкелер пайдасы мен тиімділігі халық әлеуетін көтеруге көмек боларына сенім мол.

Е.ЯКУДАЕВ

Басы 1-бетте

ТЕМІР ЖОЛ – ҚАУІПТІ АЙМАҚ

Темір жол мемлекет экономикасының күре тамыры болып саналады. Ал мемлекеттің басты байлығы – халқы. «Малым – жанымның садақасы» деген елміз. Бірақ осы қағидаға атүсті қарап отырған жандар қазіргі уақытта көптеп кездеседі. Мал шаруашылығымен айналасатын қожалықтар, жеке адамдар темір жол аумағында өз малын қараусыз жіберу компания қызметкерлерін алаңдатып отыр. Сонымен қатар басты қазынамыз болып саналатын адамдардың да өз өмірлерін қиып, жылжымалы құрамалардың астына түсу оқиғалары кездесіп тұрады.

«ҚТЖ «ҰК» АҚ қарасты Қызылорда жол дистанциясы мекемесі Қаракеткен-Түркістан телімі 2725-3101 шақырым аралығына қызмет жасайды. Негізгі міндетіміз – пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін сақтау. Дистанция қызметкерлері тынбай күндіз-түні жұмыс жасап отырғанына қарамастан егесіз, қараусыз малдың жолға шығып, жылжымалы құрамалардың жедел тежегіш қолдануы тоқтамай тұр. Қызылорда жол дистанциясының ұжымы қыркүйек айында және соңғы тоғыз айдың ішінде жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтап, қауіпсіздіктің бұзылуына жол бермеген. Өндірістік жұмыс барысында пойыздың құлауы, апатты жағдайлар мен оқыс оқиғалардың орын алуына жол берілмей, қауіпсіздікті сақтау шаралары қатаң сақталуда. Дегенмен адамдардың, егесіз малдың жолға шығуы, бөгде заттарды темір жолдың бойына қойып кетуі және өрт ережелерін сақтамауы салдарынан дистанция бойынша пойыз машинистерінің өткен 2022 жылдың қыркүйек айында 9 рет, биылғы қыркүйек айында 8 рет жедел тежегіш қолдануына тура келген. Ал машинистердің жедел тежегіш қолдануы дистанция бойынша өткен жылдың тоғыз айында 103 рет, ал биылғы тоғыз айда 87 рет тіркеліп отыр. Бұның ішінде жыл басынан бастап 10 рет мал және 4 рет адам басу жағдайы орын алған. Иесіз малдың және бөгде адамдардың жолға шығуы дистанция ұжымын қатты алаңдатып отыр. Бұндай жағдайлар әсіресе Жалағаш, Жаңақорған, Шиелі аудандары мен Қызылорда қаласы, сонымен қатар Түркістан облысы Сауран ауданы аумағында жиі болып тұр. Жылжымалы құрама машинисі темір жол үстінде жүрген бөгде адамды не малды байқағанымен шұғыл тежегішпен толық тоқтағанша 600-800 метрдей жүріп тоқтайды. Иесіз малдың және тұрғындардың жолға шығып кетпеуі үшін жыл сайын темір жол қоршауларына күнделікті және күрделі жөндеу жұмыстарын (тікенекті сыммен) жүргізіп отырамыз. Аудан әкімшіліктеріне хат жолданып, 2 рет аудан (Жаңақорған, Сырдария) тұрғындарымен кездесу өткізген болатынбыз. 7 рет әлеуметтік желілерге бейнероликтер жіберіліп, халық ортасына қызықты ақпарат таратылып тұрады.

Сонымен қатар желілік полиция бөлімі қызметкерлерімен бірлесіп жергілікті тұрғындар және мектеп оқушыларымен биылғы тоғыз айда 108 мәрте рейд жүргізілді. Рейд кезінде иесіз малдың және адамның жолға шығу, жолға бөгде заттарды қою және өрт қауіпсіздігінің алдын алу, т.б. іс-шаралар қамтылады.

Дистанция бойынша 9 күзетпелі және 7 күзетпесіз темір жол өткелдері бар. Алты ай ішінде 192 рейд өткізіліп, 4949 автокөлік иелері жол ережелерімен таныстырылды. ОПД ӘПБ қызметкерлері 2 мәрте өткелдерге тексеріс жүргізген. Дегенмен 18.07.2023 жылы Сұлутөбе – Рзд.16 аралығы 2874 шақырымда орналасқан күзетпесіз темір жол өткеліне жақын жерде жол жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатқан «Шиелі-Жолшы» ЖШС жүргізушісінің ара қашықтықты сақтамауынан 3 жүк пойызы тоқтады.

Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мақсатында тұрғындарға хабарлама ретінде айтарымыз: Басты қазынамыз болып саналатын адамдардың да өз өмірін қиып, жылжымалы құрамалардың астына түсу оқиғалары да жиілеп тұр. Мал шаруашылығымен айналысатындар мал-жанын қараусыз жіберіп, ішімдікке салынып, санасын улап алып көлік жүргізу, өрт қауіпсіздігін сақтамау, санитарлық тазалыққа қарамау компания қызметкерлерін алаңдатып отыр.

Темір жол – қауіпті де стратегиялық маңызы бар аймақ. Ол жерде бей-берекет жүруге, жол бойын жағалай мал бағуға және жол үстіне бөгде заттарды қойып кетуге болмайды. Аймақта балаларды қараусыз қалдырып, жолаушылар пойызының терезесіне тас лақтырмау керек. Көктем-күзгі егін жұмыстары, сенбілік кезінде және қыс мезгіліне дайындық кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін, санитарлы-экологиялық норма талаптарын қатаң сақтау керек. Сондай-ақ автокөлік жүргізушілерінің темір жол өткелінде ЖЖЕ жазылған қағидаларды сақтауын сұраймыз. Егер жоғарыда көрсетілген талаптар орындалмаса, ҚР Ата заңында, ҚР әкімшілік Кодексінің 559-бабында көрсетілген тармақтар бойынша қатаң шара, оның ішінде айыппұл қолданылатындығын тағы бір мәрте қайталап айтқанымыз артық болмас деп есептейді Қызылорда жол дистанция қызметкерлері.

К.Ә.ҚОЙШЫБАЕВА,
Қызылорда жол дистанция өндірістік техникалық бөлім басшысы

Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шөмішбай Сариевті еске алу кеші өтті.

СЫРДЫҢ СЫРШЫЛ АҚЫНЫ

Тағылымды кешке ақынның жұбайы Жұмақүл Сариева, ұлы, ҚР Президенті Кеңсесінің басшысы Бақытжан Сариев және немерелері қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиылған жұртшылыққа, кеш қонақтарына өзінің ізгі лебізін жеткізді.

– Сырда туып, аты алты Алашқа танылған дарын иелерінің қатарында ақын Шөмішбай Сариевтің есімі ерекше. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ағамыздың көзі тірісінде-ақ «Ол – өзіндік өлең өрнегі арқылы ел құрметіне бөленген қаламгер» деп баға берген болатын.

Сыр жұрты өз перзенттерін әрдайым құрмет тұтып, еңбегін ешқашан ұмытпайды. Дарынды тұлғаның өнегелі өмірін ұрпаққа насихаттап, қазынасын алтын қорда сақтайды. Қазақ өнерін өрге жүздірген Сыр перзенті Шөмішбай ағамыздың рухы шат, ұрпағы аман болсын, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі ақынның жұбайы Жұмақүл Сариеваға Мемлекет басшысының арнайы құттықтау хатын табыстады.

Шөмішбай Сариевтің лирикалық жырларының, жұртшылық құлағына сіңген әсем әндерге жазылған өлеңдерінің өрнегі ерекше. Ақынның «Айналдым сенен, Атамекен-ай», «Сәлем саған, туған ел», «Аралдан ұшқан аққулар» сияқты туындыларына туған жерге деген махаббатын арқау етті. Бұл әндердің жарыққа шыққанына 30-40 жыл өтсе де, әлі күнге ел жадында жатталып, сахна төрінен шырқалып келеді. Бұл ақын өлеңінің өміршеңдігін дәлелдейді.

Кеше Қазақстанның Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Роза Рымбаева, Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Мақпал Жүнісова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жеңіс Ысқақова, «Құрмет» орденінің иегері, әнші Сүлеймен Ибрагимов, Мәдениет қайраткері Жұбаныш Жексенұлы ақынның өлеңдеріне жазылған әндерді құйқылжыта орындады.

Айта кетейік, бұдан бұрын қонақтар облыстық тарихи-өлкетану музейіндегі Шөмішбай Сариевке арналған экспозициялық бұрышпен, Ә.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасындағы «Теңіз тудырған талант» атты кітап көрмесімен танысып, поэзия кешіне қатысты.

Шөмішбай Сариев – ақын, аудармашы, «Барыс», «Парасат» ордендерінің, Франц Кафка атындағы халықаралық Алтын медаль, «Платиналық Тарлан» сыйлықтарының иегері, 300-ден астам ән-өлеңдердің, 15-тен астам кітаптың авторы. Шығармалары орыс, украина, қырғыз, өзбек, тәжік, румын, чех, үнді, француз тілдеріне аударылған. Ақынның туындылары қазақ әндеріне сөз жазған ақындардың көш басында тұруы да шығармашылық иесінің артына өлмес өнер туындысын мұраға қалдырғанынан хабар береді.

Ұлжан БАЙБОСЫНОВА, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ДӘНІН ЕГІП КЕТСЕМ ДЕП ТҰРАМЫН

– Өнер жолыңызға талпындырып, қанатыңызды қатайтқан тәлімгер ұстазыңыз туралы айта отырсаңыз...

– Менің алғашқы ұстазым – атам мен анам. Өмірге де, өнерге де баулыған сол кісілер деп білемін. Әуелі Алла бойға дарытқан өнерді көре білген ата-анамның тәрбиесі. Онан кейін Сырдың бойындағы өзім тыңдап өскен Әбдірасыл Жұбатқанов, Шәмшәт Төлепова, Сүйінбай Ақбаев, Балхашбай Жүсіпов, Ақмырза Тұяқбаев, Фатима Тұяқбаева, Жаппар Тұңғышбаев, Запа Дәулетбав, Бидас Рүстембеков сынды елге аңыз болған, жыраулық өнердің өрісін кең жайған Сыр бойының нағыз даңғайыр дүрлері еді. Осындай жырауларды көру, олардан тәлім алу бақыты бұйырды. Тыңдап өстім. Мектепте оқып жүргенімізде Тасбөгетте қазіргі Сәбира Майқанова атындағы мәдениет үйі бой көтеріп, ішінен жыр-терме үйірмесі ашылды. Үйірмеге жетекші болып Серік Өтеуов ағайымыз келді. Тамаша адам еді. Ақ жарқын. Ұстаз дейтін атқа өте лайық болатын. Иә, арнайы үйірмеде дайындаған, жыраулық өнерде, сахнаға үйреткен Серік ағам. Мақам-сазды өте сұлу салатын. Тәрбиелі орындауды, сахна мәдениеті дегенді Серік ұстаздан үйрендім. Рухы шат болғай. Үйімізде де Серік ағам талай жыр жырлайтын. Үн таспасын да кезінде жазып алып, балаларына кейін сыйға тарттым. Жазып алып демекші, ата-анам сол заманда таптырмайтын «Сатурн» магнит таспасын ат пен түйе беріп сатып алып, жырауларды арнайы мен үшін жазып алып, мақам-саз үйренуге бар жағдайымды жасайтын. Сол магнит таспасына Әбдірасыл Жұбатқановтың орындауында Шораяқтың Омарының «Әбу Шахма» дастаны мен «Ұры Қарғаны» тағы басқа көптеген терме-толғауларын жазып алған болатын. Ата-анам тәлімді жырды жазып отырғанда мен де тыңдаушылар қатарында отырғаным бар. Ол кезде мен бар болғаны 3 сыныпта оқитынмын. Сол магнит таспаға Серік ағамыздың да орындауындағы «Әбу Шахма» дастаны жазылып қалды. Сұрағыңыздың орайына қарай айтып жатқаным ғой. Мектеп бітірген соң анам жетектеп Қорқыт ата атындағы Қызылорда педагогика институты, музыка факультетінен алғаш рет ашылған «Халық әні» кафедрасына оқуға алып келді. Әуелгі кафедраның іргесін қалаған Алмас Алматов ұстазымыз. Осылай кәсіби мамандыққа қарай жол түзедім. Университет қабырғасында жүріп ғылымға да құштарлығым оянды. Дипломдық жұмысымның тақырыбы «Сыр бойындағы мақам-саз ерекшелігі» деп аталды. «Өте жақсы» деген бағамен қорғап шықтым. Оқу бітірген соң Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының аспирантурасына оқуға түстім. Этномузыкатану мамандығы бойынша әуелі 2 жыл стажер – зерттеуші, онан соң 3 жыл аспирантураны тәмамдап, 2007 жылы «Сыр бойындағы ақын-жыраулар шығармашылығындағы ислам» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап шықтым. Бұл жолда да ұстаздарым көп болды. Жетекшілерім өнертану ғылымдарының докторы, профессор Әсия Мұхамбетова, филология ғылымдарының докторы, академик Қансейіт Әбдезұлына ризашылығым шексіз.

– Ұлттық өнердің ұлықтысы – терме айту. Сыр бойының мақамымен қандай жыраулардың термесін орындайсыз?..

– Сыр бойында сақталған ауыз әдебиетінің барлық жанрлық ерекшелігі сақталған туындылар көрсеткіші зор деп айта аламыз. Терме-толғау, арнау, көңілқос, мінажат-ғазал, мысал-хикая, қисса-дастан, көлемді эпостық жырлар. Әрбір ақын-шайырдың соңында қалған мол мұра бұл күнде Сыр елінің рухани азығына айналды. Ел жадында жатталған, ұрпақ санасында сақталған текті өнер сабақтастығы әлі жалғасуда. Сырдың бойындағы тарих тамыры тереңде екенін жақсы білеміз. Көне

Басы 1-бетте

заманнан өркениеттің отаны болған Сыр бойының мәдениеті, музыкалық өнеріне әлем жұртшылығы таңдай қақты. Көмеймен айту дәстүрі, атадан-балаға жалғасатын генетикалық жад арқылы тарайтын бұл өнер өшпейтін мәңгілік мұраға айналып барады. Мұндағы мақам-саз, орындау ерекшелігі тыңдаушысына тылсым күш беретін қасиетке ие. Киелі өнер деп танитынымыз да сондықтан болар. Мақам-саз дегенде ерекше жырау Бидас Рүстембековті айтып өткенді жөн көріп отырмын. Сырдың бойында әйгілі киесі жолбарыс болған Жиенбай жырау, Рүстембек жырау, Көшеней мен Бидас жыраудың жырлары кең тараған жақсы білеміз. Осы жыраулардан жеткен мақам-саз үлгілері кеңінен сақталған. Менің тағы бір үлкен бақытқа ие болған тұсым да Бидас жыраудың өз аузынан мақам-саз бен Жиенбай жыраудың нұсқасында сақталып жеткен «Көрұғлы» жырын ауызба-ауыз үйренуім еді. Атадан-балаға тікелей жеткізген ұрпағы Бидас жыраудан үйрену екінің бірінің басына бұйыра бермейтін бақ дер едім. Көне үрдістің ізімен ауызекі үйреніп, қазір «Көрұғлы» жырын орындап келемін. Осы жырды үйрету барысында Бидас ұстазым мақам-саздың мәйегін үйретті деп айта аламын. Онан бөлек Сыр бойының ақын-шайырларының асыл туындыларын жыр қорымызға қосуға барымызша тырысып бақтық.

– Отбасыңыз туралы айта отырсаңыз. Өнер құдіреті ана сүтімен дариды деп жатады. Сізге осындай телегей теңіз өнер кімнен берілді?

– Иә, өнер дариды, ананың сүтімен, әкенің қанымен десек болатын шығар. Бұл өнер тек қуалайды. Сырдың бойында кете дейтін ру бар. Сол рудан көптеген ақын-шайыр, жыраулар шыққаны белгілі. Ешнияз сал, Жиенбай, Тасберген, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет тағы басқалар. Мен де сол руданмын. Өз жұртым да, нағашы жұртым да кете руынан болған соң өнерді айналып өту мүмкін болмай қалған сияқты. Бұл да бір бақыт қой. Ата-тегін өнерді, мол мұраны дайындап беріп кетті. Әуелі Алла, сол өнермен ризық-несібемізді жиып жүрміз.

– Ақын, аудармашы, философ Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығына терең мән беріп, сәулелі ойдан ғибрат алады екенсіз. Сол туралы пікір білдірсеңіз...

– Әдемі сұрақ. Бұған дейін әңгімеміз Сыр бойының ақындық-жыраулық аясында азғантай ой-пікірімізді білдірген болдық Ал енді ен қазақтағы даналықтың болмыс-бітімін жасаушылар Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп деп айта аламыз. Сананы оятар, адами көкірек-кеуденің отын жағар, келелі ой салар ұлы ойшылдарды оқымау, олармен сусындамау мүмкін емес. Олардың қалдырған мұрасы әлі де өзектілігін жойған жоқ және жоймайды да. Дәл қазір сол әулиелердің сөзі ен қазаққа керек-ақ. Даналық ойлар рухтандырады, сабырға шақырады, иманыңды тасытады, көркем мінезге тәрбиелейді, адами атыңды алып жүруге көмектеседі.

– Елге келгенге дейін қай жерде жұмыс істедіңіз?

– Жыраулық өнер өзі жол салып, сызып беріп отырады екен. Оны өзің таңдамайсың, сен үшін ол таңдайды. Өйткені бұл өнер халыққа қызметтен тұрады. Бұл өнер адамзаттан тазалықты күтеді. Жаман жер басқызбайды. Айналаңды да таза ұстауға бағыттайды. «Әділдікті айт, шынайы бол!» дейді. Салмақтап ойласақ, бұл да бір бақыт! Адами атың азбайды. Жақсылыққа ғана ұмтыласың, жамандықтан жерисің. Жан-жағың өсіп-өркендесе екен, көгеріп-көктесе екен дейсің. Жүрген жеріңде жақсылықтың дәнін егіп кетсем екен деп тұрасың. Өмірімнің 25 жылын ұстаздыққа арнап, шәкірт тәрбиеледім. Мектептен бастап сабақ бердім. Алматыда «Көкіл» мектебінде 10 жыл қызмет етіп, сол мектепте «Мұрагер» бағдарламасымен Абдулхамит Райымбергенов дейтін күйші, қазанғаптанушы ұстазымызбен бірге жалпы білім беретін мектептер үшін музыка пәніне арналған оқу-әдістемелік құралы мен оқулықтарын жазып шығардық. Бұл еңбек те келешекте өз орнын табады деген ойдамын. Онан соң консерваторияда жыр класы бойынша шәкірттер даярладым. Сол аралықта Алматыдағы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде директорлық қызметте болдым. 4 жыл басқарғанымда көптеген құнды экспонаттарды ұлттық қорға жинақтадық. Ерекше айтатыным, Ақан серінің, Шәкәрімнің түпнұсқа домбыраларын тауып, музейге қойдым. Бұл да бір қазақ мәдениеті үшін жасалған игі жұмыс деп ойлаймын. Азғантай уақыт болса да елге келіп қызмет жасадым. Бұл мен үшін үлкен тәжірибе болды. Қазанғап атындағы музыкалық колледжін басқаруда Сыр бойы жастарының өнерге деген ынта-ықыласын көру де мен үшін үлкен абырой болды деп есептеймін. Колледжге жаңа ғимарат салу ұсынысымды қабыл алған облыс басшысына ризашылығым шексіз. Бұл Сыр бойының бағзыдан жалғасып жеткен өнері мен мәдениетіне жол салу, болашағына тың серпін беру деп білемін. Әлемдік өркениетке үлкен үлесін қосқан Сыр өлкесінен әлі Қорқыттай абыз туары сөзсіз. Бұл қадам осы жолда жасалған игі жұмыс дер едім.

– Қазір талантты жастарды өнерге баулып жүрсіз. Талантымен тамсандырған жастар деп кімдерді айтар едіңіз? Жалпы ұлттық өнерге жас буынның көзқарасы қалай?

– Бүгінгі таңда еліміз үлкен тарихи даму сатысына қадам басқалы тұр. Жаңа Қазақстанның болашағына тың серпін беруде жастардың алатын орны зор. Ғылым мен білімге көңіл бөліп, жаңа мектептер салу, оқу орындарын жаңғырту, жағдай жасау осының белгісі деуге болады. Жастардың келешегіне мүмкіндік жасау, бұл мемлекеттің болашағын нығайту деп айтқан болар едім.

– Өзіңізді ән сүйіп тыңдайтын көрермендерге тілегіңіз...

– Елімізде талантты жастар көбейсін, туған өңіріміздің 85 жылдық мерейлі мерекесі баршамызға құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

– Сұхбатыңыз үшін рақмет! Шығармашылық шабыт тілеймін.

КӨНЕНІҢ КӨЗІНДЕЙ, ӨТКЕННІҢ ӨЗІНДЕЙ ҒИМАРАТТАР

Қос ғасырдан астам тарихы бар Қызылорда қаласында осыдан бірнеше жыл бұрын өткен заманның архитектурасынан көрініс беретін ескі нысандар қатары біршама көп болған.

Қазір облыс көлемінде 490-нан аса тарих және мәдениет ескерткіш мемлекет қорғауына алынған. Оның ішінде 21-і республикалық, 274-і жергілікті маңызы бар және 201 ескерткіш алдын-ала есепке алынған тарихи-мәдени мұра қатарында. Ал 2002 жылы ашылған облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының «Мәдениет», «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» заңдарын басшылыққа ала отырып, тарихи-мәдени мұраны сақтау, ескерткіштер мәртебесін белгілеу, оларды құртып жою, қирату тарихи орнынан алып тастаудан қорғауды қамтамасыз етіп отыр. Десе де қалалық бағдарламалар, әсіресе құрылыс өтетін жоспарға сай ескі ғимараттар «сноска» кетуі мүмкін немесе жекеменшікке өтіп, кеңселік, сауда үйіне айналып жатқаны жасырын емес. Осы себепті ғимараттың аты ғана емес, заты да өзгеріске ұшырауда.

Мамандардың сөзінше, ескі ғимараттар мен ескерткіштердің қатарында бүгінде 140 жылға жуық тарихы бар Айтбай мешіті, 1890 жылы салынған Христос Спаситель шіркеуі, 1905 жылы іргесі қаланған теміржол вокзалы, А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі, облыстық әскери ғимараттың шақыру пункті, теміржол милициясы ғимараты, Ақмешіт музейі сынды бірқатар нысан бар.



– Еліміздің маңызды әрі рухани қаласына биыл 205 жыл толады. 1818 жылы қаланы қоқандықтардың басып алғаны белгілі. Содан бергі қаланың көне ескерткіштерінен тек қана қазіргі КБИ мөлтек ауданына жақын жерде орналасқан Қарақожа батырдың бейіті қалды. 1853 жылы Ақмешітті орыс әскерлері иеленді. Осы кезде қалада Айтбай мешіті, орыс православ шіркеуі, училище, бекініс, су мұнаралары, монша салынды. Олар қазір сақталған. Ал Перовск қаласында әйгілі кәсіпкер халық арасында «Қара Махан» атанған Махан Жиенбайұлының Николай кірпішінен көтергізген 10-нан аса зәулім үйлер де болған. Десе де, олардың барлығы дерлік тәуелсіздік кезінде бұзылып кетті. 1917 жылы Перовскіде кеңес үкіметі орнатылды. Ол уақытта да тарихи үйлер өте көп еді. Егемендік алғаннан кейін көптеген тарихи маңызы бар ғимараттар бұзылды. Жойылып кеткен ғимараттардың қатарында мемлекет қайраткерлер, ақын, жазушылар, Кеңес Одағы Батырлары, халық әртістері тұрған үйлер бар еді. Бүгінде қаламызда ескі ғимараттар мен көне ескерткіштердің саны 20-ның үстінде, – дейді тарихшы Бақытжан Ахметбек.

Дереккөздерге сүйенсек, XIX ғасырда мұнда 36 ғимарат бой көтеріпті. Соның бірі – қалалық училище. Қазір оған ескі базар маңындағы «Аль-Асад» сауда үйі орналасқан. Бұл ғимарат алғашында 1878 жылы әскерилердің балаларына арналған училище ретінде салынған. Шіркеу жанындағы барактарда офицерлер мен солдаттардың отбасы тұрғандықтан, оқу орны жақын жерге, яғни шіркеуге қарама-қарсы қоныс тепкен. Ал базар жанындағы барак типтес үйлер 1990 жылға дейін ел игілігіне жарап, бүгінде олардың барлығы сүріліп тасталған. Аталған ғимараттардың бір құрылыс материалынан, яғни күйдірілген қыштан тұрғызылған. Бүгінде ғимараттың тарихи маңызын ескерген басшылық «Аль-Асад» сауда үйінің қабырғасына Алаш қозғалысының қайраткері Мұстафа Шоқай құрметіне ескерткіш тақта орнатты. Өйткені көненің көзіндей сақталған бұл ғимаратта 1899-1902 жылдары Мұстафа Шоқай білім алған.

Қаладағы осындай қастерлі орталықтың бірі – «Айтбай» мешіті. Аталған нысан тек бұрыннан келе жатқан көне мекеннің бірі ғана емес, талай ғасыр тезінен жеткен тас қабырғалары өзіндік

ерекшелікке тұнып тұр. Көк күмбезді үйдің бізге беймәлім құпиясы бар. Тарихшылардың айтуынша, мешітті сонау 1878 жылы Айтбай қажының қаржысына Әулиеата шеберлері – Ысқақ пен Камал салған. Күйдірілген қышпен өрнектелген. Төбесі қаңылтырмен жабылып, іші сыланып, әктелген. Ал 1980 жылы «Қазақ жобалау қалпына келтіру» институты мешіттің толық жаңғырту жобасын қайта жасаған. Сондай-ақ осы мешіттің ішінде құдық бары туралы да халық арасында әңгіме таралғанымен, оның рас-өтірігіне көп жұрт көз жеткізе алмай жүрген еді. Сөйтсек әлгі құдық нысанның төргі жағында орналасыпты. Сонда оның құпиялығының сыры неде? Тарихшы, өлкетанушылардың болжауынша, құдықтың артында жерасты жолы бар екен. Ол жол шіркеу мен казармаға апаратын көрінеді. Шіркеу де көне нысанның бірі саналса, казарма – дарияның бойында орналасқан бұрыннан келе жатқан әскери ғимарат. Бір қызығы, бұл жерасты жолына кез келген адам түсе алмаған көрінеді. Тек сол кездегі байкөпестерге, шенді әскерлерге ғана рұқсат етіліпті. Қуантарлығы, осындай құнды сырды ішіне бүккен қасиетті имандылық үйі әлі күнге дейін өз ерекшелігін сақтап қалған.

Сырдың бас шаһарының әрбір бұрышы тарих. Өйткені мұнда қазақ ұлтының ел болып қалыптасуының бір кезеңі жатыр. Ендеше, өткен шежірелі тарихтың тәбәрігі іспеттес ескі әрі құнды дүниелерді сақтап, келер ұрпаққа дін аман жеткізу басты міндет болуы тиіс.

Бетті дайындаған **Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА**

Суреттер ашық дереккөзден алынды

ЖАЗҒЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ: СЫР САҢЛАҚТАРЫНЫҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ

АЛҒАШҚЫ ЖҮЛДЕНІ СЫР СПОРТШЫЛАРЫ АЛДЫ

Спорт бәсекесінің алғашқы күнінде алаңға шыққан Сыр саңлақтары алғашқы жүлдені қоржынға салды. Дзюдо спортынан бірінші болып Мағжан Шамшадин қола жүлдені қанжығаға байлады. Ел мерейін үстем еткен Мағжан тәжікстандық Мехрзод Суфиевпен белдесіп, басымдық көрсетті.

Дзюдодан екінші қоланы да жерлесіміз Абылайхан Жұбаназар иеленді. 81 келі салмақта өзбекстандық Мусо Собировпен жекпе-жекке шыққан спортшы қарсыласынан басым түсіп, үшінші орынға табан тіреді.

Ел қоржынына үшінші қола медальді Нұрлыхан Шархан салды. Ол 100 келі салмақ дәрежесінде кореялық Вон Джон Хунды жеңді.

Спортшыларды жаттықтырушы Қален Қалиұлы баптаған. Шәкірттерін Жазғы Азия ойындарына апарған бапкер олардың өз бабында болғанын, сондай-ақ Мағжаннан алтын күткенін жасырмады.

Qaz365.kz порталына берген сұхбатында Мағжанның алтын алмағанына іштей өкініш барын айтқан бапкер дегенмен үш шәкіртінің де жүлделі болғанына қуанғанын жеткізген. Айтуынша, Мағжан қарсыластарын зерттеп, зерделеген. Жартылай финалда жол берген кәріс палуанымен 2015 жылы жастар чемпионатында белдесіп, басым түскен екен.

Бапкер сондай-ақ шәкірті Абылайханның да жақсы өнер көрсеткенін алға тартты.

– Біз тәжік балуаны қалай күресетінін білдік. Негізгі мақсат – тәжік балуанының сол қолын бос қалдыру керек еді. Тәжік балуаны сүйікті әдісін пайдаланып кетті. Абылайхан шабуыл жасады, тәжік балуаны да оңай жігіт емес. Қарымта шабуылда, қорғануда өте сәтті қадам жасады да, Абылайханды жақындатпады. Төрешілердің бұра тартуы деп айтуға келмейді. Басындағы бір әдіс шешіп кетті. Оны Абылайхан да білетін, – деген ойымен бөлісті.

Ал Шарханның жеңісі бапкер үшін үлкен мақтаныш. Шәкіртін жігерлі, мінезді жігіт деп бағалаған ол бәсекенің Шархан үшін тест болғандығын айтады.

– Шарханға айтқаным – осы тесттен өтсең, үлкен олимпиада деңгейінде орын аласың дедім. Осыдан өтдедім. Шархан емтиханнан өтті. Жапон балуаны қанша жетістікке жетсе де. Олимпиада чемпионы, әлем чемпионы болған. Біздің жігіттер өсіп келе жатыр, – деді ол.

Осылайша дзюдодан ел құрамасы сапында өнер көрсеткен 7 спортшының ішінен 3 спортшымыз жүлдегер атанды.

АЙЖАН – АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ

Байрақты бәсекедегі алғашқы 3 қоланы еншілеген дзюдошылардан кейін Сыр мерейін үстем еткен Айжан Досмағамбетова болды. XIX Жазғы Азия ойындарында стенд атудан Қазақстанның әйелдер құрамасы сапында өнер көрсеткен Айжан қола жүлдеге ие болды. Ол – халықаралық дәрежедегі спорт шебері, стенд атудан Азия чемпионатының қола жүлдегері, Әлем кубогінің күміс, қола жүлдегері атанған мерген қыз.

Басы 1-бетте

КАРАТЭДЕН КҮМІС БҰЙЫРДЫ

Азиада ойындарының соңғы күнінде каратэші Мөлдір Жаңбырбай күміс жүлдемен байрақты бәсекенің нүктесін қойды. 50 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен Мөлдір алдыңғы қарсыластарынан басым түскенімен ақтық финалда тайпейлік спортшыға есе жіберді. Осылайша XIX жазғы Азия ойындарында Сыр спортшысы күміс медальді місе тұтты.

Он бес күнге созылған спорт бәсекесінде Қазақстан құрамасы 10 алтын, 22 күміс және 49 қола жүлде еншіледі. Осылайша еліміз командалық есепте 11 орынға тұрақтады.

ҚАМШЫБЕК – КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР

XIX Жазғы Азия ойындарында ел мерейін үстем еткен спортшымыздың бірі – Қамшыбек Қоңқабаев.

Бокстан Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Қамшыбек бұл бәсекеде 92 келіден жоғары салмақта өнер көрсетіп, күміс медальді иеленді. Алғашқы кездесуін бахрейндік боксшы Данис Латыповпен өткізіп 5:0 есебімен жеңсе, жартылай финалда үндістандық Нарендрден 5:0 есебімен басым түсіп, ақтық сынға өтті. Алтын медаль үшін сынға түскен қарсыласы өзбекстандық Бахадүр Жалоловқа есе жіберді. Осылайша Қамшыбек аса ауыр салмақта өнер көрсеткен боксшылар арасында екінші орынға тұрақтады.

XIX жазғы Азия ойындарында сонымен қатар «Париж-2024» Олимпиадасының жолдамасы сарапқа салынды. Бұл бәсекеде күміс жүлдегер атанған Қамшыбек келер жылы өтетін олимпиада ойынының жолдамасын жеңіп алды.

Айта кетейік, Сыр еліне табан тіреген Қамшыбекті жерлестері сән-салтанатпен күтіп алды.

СПАРТАКИАДА ТУЫ СЫРДАРИЯҒА ТАБЫСТАЛДЫ

Аймақта «Алтын күз – 2023» XXXVI облыстық спартакиадасы қорытындыланды.

Шиелі ауданының «Салтанат сарайында» өткен жиынға аудан әкімі Нұржан Ахатов, облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айекешов және спорт саласының мамандары қатысты.

«Алтын күз – 2023» XXXVI облыстық спартакиадасына спорттың әр түрі бойынша 7 ауданнан келген спортшылар қатысып, бақ сынады. Төрт күнге созылған спорт бәсекесінде ойыншылар өз мықтылықтарын байқатты.

Тартысты өткен спорт бәсекесінің қорытындысымен:
Шиелі ауданы 1-орын
Жалағаш ауданы 2-орын
Жаңақорған ауданы 3-орын
Қазалы ауданы 4-орын
Арал ауданы 5-орын
Сырдария ауданы 6-орын
Қармақшы ауданы 7-орынды иеленді.

Салтанатты шара барысында Спартакиада туы Сырдария ауданына табысталды.

29 қыркүйек - 8 қазан аралығында Түркияның Анталья қаласында өткен Муайтайдан жастар мен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты өз мәресіне жетті.

Жастар арасындағы әлем чемпионаты

Жарысқа әлемнің 77 елінен мыңнан аса спортшы қатысты. Әлем чемпионатына қатысушы спортшылар арасында Сыр саңлағы да бар. Жастар арасында 91 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен жерлесіміз Дамир Тайранбек намысты қолдан жібермеді. Осылайша ел намысын қорғаған спортшымыз 3 орынды иеленді.

САМБОДАН ҮЗДІК ШЫҚТЫ

Сыр спортшылары Қырғызстанның Бішкек қаласында өткен спорттық самбодан әлем чемпионатына қатысты. Жауынгерлік самбодан жастар мен жасөспірімдер арасында өткен сайыста жерлестеріміз үздік көрсеткішке қол жеткізді.

Әлем чемпионатында 53 келі салмақта Нұржан Тумырзаев 1-орынды иеленсе, 71 келі салмақ дәрежесінде Мақсат Бақытов 2-орынды қанжығалады.

Бетті дайындаған **Айдана СЕЙІЛ**
Суреттер ашық дереккөзден алынды

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3109 **Тапсырыс №1596**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА